



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**АЗАМАТТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК УНИВЕРСИТЕТ ЖАСТАРЫНЫҢ
ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ****Мұстафа Назерке Алматқызы**mustafanazerke97@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 3 курс студенті

Астана, Қазақстан

Азаматтық сәйкестілік қазақ қоғамында, шынында да, іс-жүзінде жоғарғы құндылық болып табылды. Кеңес одағы кезінде мемлекеттің құрамында болу кей кездері өмірден де қымбат болатын. Қазіргі уақытта қоғамдық ғылымдарда қайтадан патриоттық құндылыққа шақыру кең етек ала бастады. Айтып өткеніміздей, азаматтық сәйкестілік құндылығын көбіне тек қиын кезде, мысалы сырттағы жаудан өз Отанына қауіп төнген секілді жағдайларда ғана сезінеді. Әдетте елінің бүтіндігін тыныш уақытта ойламағандар, Отанына қауіп төнгенде әртүрлі батырлық әрекеттер мен өз-өзін құрбан етуге қабілетті. Яғни бұл, азаматтық сәйкестілік көп адамдарда өте маңызды құндылық екеніне дәлел. Бірақ та не үшін бұлай болатындығы барлығы үшін де сұрақ болып қалады.

Ал бұл сұрақтың жауабы сәйкестілік түсінігі мен оның функцияларында жасырынып жатыр. Азаматтық сәйкестілік – адамның өз тәуелділігін белгілі бір қоғаммен теңестіруі, сол қоғам азаматы ретінде республикамыздың саяси өміріне, қоғам тұрақтылығына, болып жатқан барлық жағдайларға мән-жай қарамайтын, өзінің болашағын сол қоғаммен байланыстырған немесе байланыстыратын тұлға ретінде қарастырылуын айтамыз. Ол адамның мемлекеттің азаматы ретінде өзінді тұлға сезіну ғана емес, сонымен сол мемлекетте болып жатқан іс-әрекет, оның негізгі талаптары мен міндеттерімен бөлісу, тұтас кеңістік пен қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымдарына ену арқылы шоғырлану сәттілігі, бейімделу барысының күшеюі мен тұтастығын нақты түсіну. Сәйкестіліктің қалыптасуының теориялық әдіснамалық қырларын талдаумен қатар экономикалық, әлеуметтік қатынастардың жаңа жүйесінің жасалуымен бірге жүзеге асатын жаңа қоғамдық пайымдау мен дүниетанымның қалыптасуы, жаңа қарым-қатынас талаптарына жауап бере алатын идеялар және т.б. көрсетеді, яғни ұлттың субъективті келбеті анықталып, азаматтық өзіндік сәйкестілігі іске асады.

Сәйкестілік негізінен адамға ол өзінің жағдайын сезіну және үздіксіз болу үшін өте қажет. Бірақ адам өмірі мәңгі емес, өлімсіз адамдар болмайды. Бұл кез келген адамда өзінді қандай мәңгі өмір сүретін нәрсемен сәйкестендіруге болады, және осы сәйкестік арқылы тым құрыса қалай метафориялық ажалсыздыққа жетуге болады деген сұрақты тудырады. Әрине, мемлекет ең тұрақты қоғам, сол үшін мемлекет көп жағдайда осы сәйкестіліктің объектісі болып отырады. Мұндай жағдайда, адам өзін ешқандай мемлекеттік қоғаммен теңестіре алмаған болса, онда оның менталды денсаулығының дамуында мәселелер пайда болады. Өзінің өмір сүріп жүрген саяси-аймақтық қоғамының адамға деген жағымсыз қарым-қатынасы оның елден көшуіне себебін тигізеді, бірақ та өз елінен азаматтық сәйкестілік дағдарысы нәтижесінде қоныс аударған адам өзге елде қанағаттанбауы мүмкін. Сондықтан адам өзін ыңғайсыз сезінетін болады. Азаматтық сәйкестілік негізінен адамға өзіндік жан тыныштығы мен сенімділігі үшін өте маңызды. Егер азаматтарда азаматтық сәйкестілік жақсы дамыған болса, онда мемлекет пен ол адам арасындағы қарым-қатынас та тығыз болады. Келіскендей, саяси режим азаматтық сәйкестілікке ғана емес мемлекетке де жағымды әсерін тигізеді [4, 115-116].

Азаматтық сәйкестілік – адамның өз тәуелділігін белгілі бір қоғаммен теңестіруі, сол қоғам азаматы ретінде республикамыздың саяси өміріне, қоғам тұрақтылығына, болып жатқан барлық жағдайларға мән-жай қарамайтын, өзінің болашағын сол қоғаммен байланыстырған немесе байланыстыратын тұлға ретінде қарастырылуын айтамыз. Ол

адамның мемлекеттің азаматы ретінде өзінді тұлға сезіну ғана емес, сонымен сол мемлекетте болып жатқан іс-әрекет, оның негізгі талаптары мен міндеттерімен бөлісу, тұтас кеңістік пен қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымдарына ену арқылы шоғырлану сәттілігі, бейімделу барысының күшеюі мен тұтастығын нақты түсіну. Сәйкестілік қалыптасуының теориялық әдіснамалық қырларын талдаумен қатар экономикалық, әлеуметтік қатынастардың жаңа жүйесінің жасалынуымен бірге жүзеге асатын жаңа қоғамдық пайымдау мен дүниетаным қалыптасуының, жаңа қарым-қатынас талаптарына жауап бере алатын идеялар т.б. көрсетеді, яғни ұлттың субъективті келбеті анықталып, азаматтық өзіндік сәйкестілігі іске асады. Ол бір жағынан, Қазақстан халқын сәйкестендіруді жалпы азаматтық және саяси қауымдастық деңгейлеріне сай болу қажеттігін, екінші жағынан, еліміздегі барлық ұлтаралық қатынастардың қазақ халқының ұлттық сәйкестенуімен ынтымақтастығын талап етеді [1].

«Қазақстандық азаматтық сәйкестік - болашағы бірыңғай ұлт қалыптастырудың маңызды факторы, болашағы бірыңғай ұлт – ол ортақ құндылықтармен біріккен, тең құқықтарға ие және ел тағдыры үшін ортақ жауапкершілікті бөліскен Қазақстан халқы», - деді сарапшы. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ этносаралық қарым-қатынастар саласындағы талдау және мониторинг қызмет басшысы Н.Шаяхметов айтты [3].

Э.Д. Сүлейменова: «Сәйкестілік – уақыт өте өзгереді, толығады, қалпына келеді. Кез-келген сәйкестілікті ұлттық, азаматтық, мемлекеттік, тілдік т.б. өзгертетін әлеуметтік-қоғамдық жағдай алмасуы, миграциялық үдерістермен халықтардың қоныс аударуы, ұлттық ерекшелік, халықтар арасындағы қарым-қатынас, тілдік қажеттілік және жеке адамның өзіндік көзқарасы болып табылады» [2, 6]. Егер көріп отырғанымыздай, кез келген сәйкестілік түрі қоғамдық жағдайларға байланысты өзгертін болса, онда «сәйкестілік дағдарысы» туындауы әбден мүмкін. Ондай болған жағдайда адам өзін толықтай ешбір қоғаммен сәйкестендіре алмайды. Оларда белгілі дәрежеде «тежеліс» пайда болады. Мысалы, кеңес азаматы енді Қазақстан азаматы қатарына өтуі. Бірден сезіну әрине мүмкін болмайды, себебі, зерттеушілердің айтуынша оған біріншіден, қоғамның психологиялық дайын еместігі, екіншіден, мемлекеттегі сәйкестілікті ұлттық ұстанымына сай етіп өзгертуге аса көңіл бөлінуі.

Студенттердің азаматтық сәйкестілігін зерделеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттері арасында сауалнама жүргізілді (2017 жылдың сәуір-мамыр аралығында). Сауалнама 5 сұрақтан тұрады:

1. Өз еліңізді сипаттайтын 5 сөзді жазыңыз.
2. «Мен- өз елімнің азаматымын (азаматшасы). Бұл менде келесідей сезімдерді тудырады...»
3. «Мен- өз елімнің азаматымын (азаматшасы). Бұл менде келесідей ойларды тудырады...»
4. «Мен- өз елімнің азаматымын (азаматшасы). Ол үшін мен келесідей іс-әрекеттерге барамын...»
5. Қазақстанның дамуына үлес қосқан адамдарды атаңыз.

Сұрақтардың тұжырымдамасы жауаптың ашық типтерін құрайды. Ой елегінен өткізілмеген теңестірулер ретінде (1 сұрақ, ассоциациялар), еліне деген сезім (2 сұрақ, шынайы сәйкестілік), ел туралы ойлар (3 сұрақ, сналы сәйкестілік), адам жасауға дайын болатын әрекеттер (4 сұрақ, сәйкестіліктің өзі құндылық) сияқты маңызды тақырыптар қозғалған. Жәнеде қазіргі жастардың негізгі бағдарлары туралы байқауға болатын, Қазақстанның заманауи және тарихи аса маңызды көшбасшылары туралы сұрақта қосылған.

Сауалнамаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, барлық факультеттерінің 100 студенттері қатысты.

Сауалнаманың бірінші сұрағы жауаптарының нәтижелері (Өз еліңізді сипаттайтын 5 сөзді жазыңыз) бойынша, жауаптардың бірнеше мағыналық бірліктері анықталды: бірінші орында ел туралы стереотиптер (Бәйтерек, домбыра, құрт, Астана, бешбармақ, Алматы,

ЕХРО 2017, қымыз, бауырсақ, бүркіт, қонақжай, Байқоңыр), екінші орында елдің өміріне қатыстылық (спорт, дамушы, мәдениет, бостандық, өркениет, намысшыл, зайырлы, тарих, жас мемлекет), үшінші орында айбындылық (Қазақ хандығы, тәуелсіздік, байлық, көшпелі, ту, елтаңба, әнұран, Мәңгілік ел, Еуразия жүрегі), төртінші орында интернационализм (бейбітшілік, бірлік, көпұлтты, толеранттылық, достық), бесінші орында кемшіліктер (момындылық, халқы аз, қайғы және т.б.), алтыншы орында табиғат (теңіз, шөлді өлке, дала, Бурабай, таза ауа), жетінші орында тұлғалар (Нұрсұлтан Назарбаев, Абай Құнанбаев, Геннадий Головкин), сегізінші орында пайдалы қазбалар (мұнай, газ, алтын), тоғызыншы орында терең позитивті ойлар (қайғы, айырылу, махаббат, отбасы).

Бұл жауаптардан бірнеше семантикалық бірліктер анықталды. Бұл: ел туралы стереотиптер, елдің өміріне қатыстылық, айбындылық, интернационализм, кемшіліктер, табиғат, тұлғалар, пайдалы қазбалар және терең позитивті ойлар.

Айтылғандардың ішінен көп ассоциациялар ел туралы стереотиптермен байланысты. Бұл жауаптар студенттер өздерінің сәйкестілігін түсінбейтінін, ал тек ел туралы айтылған ойларды тікелей көрсетіп тұрғанына дәлел. Демек студенттер жеке сәйкестілік анықтамасынан алшақ немесе ол туралы ешқашан ойламаған.

Екінші орында елдің өміріне қатыстылық бұл жастардың отанына деген махаббатын және өздерін емін-еркін сезінуді білдіреді.

Үшінші орында айбындылық, ол дегеніміз өздерін бір маңызды, мықты сезінуге жастардың ұмтылысын білдіреді. Ал бір жағынан елдің істеріне қатысы жоқ деп түсінуге болады.

Төртінші орында интернационалды мотивтер. Бұл дегеніміз негізінен студенттердің өздерінің және басқада ұлттарға деген қатынастары оң.

Бесінші орында кемшіліктер тек қазақ халқына тән кемшіліктерін көрсеткен, сонымен қатар тәуелсіздік алғанға дейінгі бастан өткен оқиғаларды ерекше атап өткен.

Алтыншы орында табиғи мотивтер. Табиғат адам өмірінің маңызды бөлігі. Студенттер өз елінің табиғатын бағалайды және оны қорғауға дайын екенін атап көрсетті.

Жетінші орында тұлғалар. Жеке ассоциациялар арасынан басым бөлікті елдің лидері Н.Ә. Назарбаев алып тұр. Яғни бұл оның «мықты» лидер екеніне дәлел болып отыр. Демек студенттердің басым бөлігі саясаткерлерді, оның ішінде көбінде соңғы уақытта мемлекетке көп пайдасын тигізген тұлғаларды таңдаған. Студенттер қазіргі және Кеңес Үкіметі кезіндегі қолбасшыларға, батырларға, өнертапқыштарға, ғалымдарға мүлдем таңдау жасамаған және аз назар аударады. Сонымен қатар студенттер елдің дамуына үлесін қосқа спортсмендерді де ерекше бөліп көрсеткен. Ал қоғамның басқада қайраткерлері мүлдем белгіленбеген (дәрілер, мұғалім және т.б.). Демек студенттер өздерінің азаматтық сәйкестілігін мемлекетпен байланыстырады; әлемдегі мықты және тұрақты мәртебелі ел – олардың оң азаматтық сәйкестілігінің негізі. Сегізінші орында пайдалы қазбалар: мұнай, газ, алтын сияқты пайдалы қазбаларды ерекше белгілеп өткен. Тоғызыншы орында терең позитивті ойлар, студенттердің көп бөлігі мемлекетке деген қатыстылығын құнды есептейді, дегенмен ол сезім студенттерде терең позитивті ойларды тудырады.

Зерттеу бойынша жалпы қорытынды жасасақ, студенттер өздерінің мемлекетін құрметтейді, сүйеді, бірақ көбінде өздерінің ұстанымдарын пассивті көрсетеді, нақты бір әрекеттерге дайын емес, олардың орнына біреу дұрыс шешім қабылдау керек екенін күтеді. Демек студенттердің көп бөлігінде бейқамдылық пен қоғамдағы ойынның ережелерін қабылдау дайындығы басым. Бірақ қатерлі экономикалық немесе әлеуметтік мәселелер жағдайында бұл ұстаным өзгеруі мүмкін және жастар арасында наразылық көңіл-күйлер пайда болуы мүмкін деген болжам бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы. – 1999, мамыр – 23. <http://www.egemen.kz/indexold.php?act=readarticle&id=2192>.

2. Сүлейменова Э.Д. Архетип «гадкого утенка» и языковая идентичность // Язык и идентичность: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2006. – С. 15-25.
3. www.strategy2050.kz
4. Зиновьева В.И., Бресенев М.В., Шульмин М.П., Марагина А.А., Тибекина С.С. Социальная идентичность молодежи в техническом вузе: проблемы коммуникации ментальной устойчивости. г. Томск, 2014.-199 с.

ӘОЖ 37.013.42:371

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ: ҒЫЛЫМИ КОНТЕКСТ

Нұрғабден Бибісара Мергенқызы

bikosh03@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультеті,

Әлеуметтану кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жеткешісі - Досмурзаева Д.О.

Жалпы, коммуникацияны адамның өмірі барысында қажетті бәріне ортақ шарт және қоғамның дамуына негіз болатын фундамент деп есептеуге болады. Ал қоғам – индивидтердің жиынтығы және олардың байланысы мен қарым-қатынасынан құралады. Сондықтан көп жағдайда, әсіресе, әр түрлі ғылым өкілдері тарапынан коммуникацияға деген ерекше қызығушылық туады. Қоғамдық ойлар тарихына сүйенсек, философтар, әлеуметтанушылар, лингвисттер, журналисттер, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, психологтар мен педагогтер адамзат қарым-қатынасы мәселелеріне міндетті түрде жүгінеді. Алайда, осы мәселелерді қарастырған әрбір жаңа зерттеуші коммуникативтік проблематиканың ең күрделілердің бірі екендігін анықтайды.

Көпшілігі бұл күрделілікті адамзат типі мен тарихының алуан түрлілігімен байланыстырады. Коммуникация, жалпы, ғылым ретінде ХХ ғасырдың орта кезеңінен бастап қалыптаса бастады. Бұл электронды-коммуникативтік революция кезеңімен тұспа тұс келеді.

Коммуникация мәселелерін зерттеуге деген қызығушылықтың күрт жоғарылауы ХХ ғасырдың екінші жартысында байқалды. Оған себеп, кибернетиканың дамуы, коммуникацияның математикалық теорияларының және заманауи электронды байланыс жүйелерінің пайда болуы. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдар Н.Винер, К.Шеннон, У.Р.Эшби, ресейлік ғалымдар А.И.Берг, А.Н.Колмогорова еңбектерінің жарық көруі мен жаңа терминдер «коммуникация», «ақпарат», «ақпараттық алмасу» пайда болуы да әсер етті.

1960-жылдардың басында әдебиеттерде «коммуникация» терминіне жүзден аса анықтама берілді. Қазіргі уақытта бұл терминдердің саны әлбетте өсті және мағыналары да ашыла түсті.

Коммуникация - адамзат қарым-қатынасының болуын әрі дамуын қамтамасыз ететін, мағынасы бар символдар мен тасымалдау құралдарынан тұратын механизм (Кули).

Коммуникация – ақпаратты қабылдап, сақтап, қайта өңдей алатын күрделі динамикалық жүйелер арасындағы ақпарат алмасу (А.Урсул).

Коммуникация – кең мағынада әр түрлі мақсатқа бағытталған, тілдің, белгілер мен символдардың, жалпыға ортақ ережелердің бірігуі көмегімен құрылған әлеуметтік бірлестік (К.Черт).

Коммуникация – субъектінің қандай да бір объектпен – адаммен, жануармен, көлікпен ақпараттық байланысы (М.Каган).